

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	126
Жинақтағы беттері	590-592
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 347.471
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Хаирова Зарина
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Наурызова В.К.
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

**Хаирова Зарина**

qaiyrovaz@mail.ru

Құқықтану ББ 1курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Наурызова В.К.

Қазақстанда азаматтық қоғамның даму қатынастары тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік маңызды бағыттарының бірі болып келеді. Азаматтық қоғам – бұл азаматтардың өз еркімен қоғамдық істерге қатысып, елдің экономикалық және саяси өмірінде маңызды ықпал етуге мүмкіндік беретін негізгі жүйе. Жалпы азаматтық қоғамның дамуы мемлекет арасында тұрақты байланыспен халықтардың әлеуметтік құқықтарын қорғаумен, нығайтуға бағытталады.

Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуына көптеген факторлар әсер етті. Бірінші кезекте, қоғамға нарықтық экономиканың енгізілуі, яғни бұл азаматтардың өз құқықтарын қорғауын туғызды. Сондай-ақ, тәуелсіздік алғаннан соң елдегі демократияның қуатын арттыру мақсатында бірнеше реформалар жүзеге асырылды. Ал, екіншіден 1995 жылдағы Конституция бойынша азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және негізгі демократиялық принциптерді енгізу мақсатында маңызды ықпал етті. Осындай бірқатар өзгерістер азаматтық қоғамның дамуына қолайлы негіз болды.

Қазақстандағы азаматтық қоғам ұйымдарына: діни ұйымдар, баспасөз қызметтері, қоғам қозғалыстары жатады. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар. Бұндай ұйымдар әртүрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік т.б құқық қорғау секілді мәселелерін көтеріп, қоғамның әртүрлі мүдделерін білдіреді. Жалпылама, Қазақстанда көптеген ірі үкіметтік емес ұйымдар мен бірнеше қоғамдық ұйымдар жұмыс жасайды. Осылардың ішінде азаматтардың құқықтарын қорғау, балалар мен көмекке мұқтаж жандардың құқықтарын қорғау және әртүрлі мәселелерін шешу бағытында қызмет етуші ұйымдар бар. Осы атап айтқан ұйымдар мемлекет органдарымен біріге, заңнамалар мен саяси жобаларды іске асыруда.

Жалпы, Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы барысында түрлі кедергілер бар. Тоқталып айта кететін болсақ, бірнеше үкіметтік емес ұйымдардың қаржы тиімділігі шектеулі, ал бұл оның қолайлы және жүйелі әрекет етуіне кедергі бола алады. Екінші кезекте, бірқатар заңнамалық кедергілер мен бюрократиялық кедергілер азаматтық қоғамның қызу жұмысына бірқатар шектеулер болып отыр. Мысалы, үкіметтік емес ұйымдарға белгіленген талаптары біраз ұйымдардың әкімшілік қиындықтар әкелуіне түрткі болады[1].

Қазақстанның азаматтық қоғамын дамыту мақсатында үкімет көптеген мемлекеттік жобаларды іске асырды. Мысалы, «Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға арналған бағдарламалық негізі» азаматтық қоғам орталықтарының бірқалыпты қалыптасуына септігін тигізеді. Жалпы бұл жоспар адамдардың әлеуметтік жағдайларды реттеуге белсене қатысуына бағытталған. Және әр жылдағы «Азаматтық жиындар» арқылы азаматтық қоғам қатысушыларымен және мемлекетпен бірлесе отырып, өзіндік алмасу процесстерін дамытуда. Осындай жиындар үкіметтік емес ұйымдар мен бірнеше органдар арасындағы қатынастарды күшейтуге және әртүрлі жағдайларды орындауға мүмкіндік етеді.

Демократияның нығаюы: азаматтық қоғамның дамуы демократиялық институттарды күшейтеді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Жалпы, азаматтық қоғам арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға болады. Азаматтық қоғамның талаптары мен ұсыныстары мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, халықтың мүддесін ескере отырып шешім қабылдауды жақсартады[2].

Қазақстанда алдыңғы жылдар бойынша азаматтық қоғамдағы жастар белсенділігі

айтарлықтай нығайды. Қазіргі жастар көптеген жобаларға, әлеуметтік бастамалар мен экономикалық процесстерге қатысып, өзіндік ойларын білдіруде. Жалпылама мемлекет азаматтық қоғам жастарының біліктілігін нығайту мақсатында бірнеше бағдарламалар ойлап табуда. Мысалы, жастар төңірегінде бірнеше жобалар қолға алынды. Сондай-ақ, жастардың осындай саяси жобаларға тиімді және тұрақты қатысуына әрекеттер жасады.

Қазақстандағы мемлекеттік азаматтық қоғамның дамуының болашағы көптеген әрекеттер мен мүмкіншіліктерге жол ашады. Мемлекет үкімінен қолдау, құқықты үнемі өрістету және халықтың азаматтық қарқындылығының күшеюі Қазақстанда азаматтық қоғамның біркелкі демократиялық жүйенің құрамдас бөлшегіне айналуына жағдай жасайды. Алдағы уақытта мемлекет пен қоғам арасындағы өзара диалог тетіктерін одан әрі жетілдіру қажеттігі пайда болады деп сенемін. Мұндай диалогтар арқылы адамдар өз ойларын еркін жеткізіп, мемлекеттік процеске әсер етеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар адамдардың әртүрлі үдерістерге қатысуын оңтайландырады. Және бірнеше ақпарат талдау желілері мен әлеуметтік-платформалар көмегімен қоғам иелері өздерінің ойларын айтумен, тұжырым алмасу жобаларына ашық түрде қатысуға мүмкіндік береді. Тағы бір азаматтық қоғам қатынастарының дамуына тоқталсам. Қазақстандағы азаматтық қоғам мен кәсіпкерлік сала дамуы маңызды болып келеді. Жалпы, кәсіпкерлік сала елдегі қолдаушылық пен әлеуметтік қайырымдылық арқылы қоғамның өркендеуіне бірқатар үлес қосуда Қазақстанда мемлекет, үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) және бизнес арасындағы ынтымақтастықты нығайту және үшжақты серіктестікті дамыту мақсатында «ASAR» атты диалог алаңы құрылды. Бұл платформа әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған тиімді құралға айналды.

Еріктілер жылы ел азаматтарын қайырымдылық пен игі істер жасауға жұмылдырып, көптеген волонтерлік және қайырымдылық бастамалардың іске асуына серпін берді. Осы жылы еріктілікті қолдаудың өңірлік және республикалық инфрақұрылымы құрылды. Атап айтқанда, 17 өңірлік волонтерлік орталық пен республикалық фронт-офис ұйымдастырылды, олар 500-ден астам ұйымды біріктіре алды. Еріктілер жылы аясында 1 миллионнан астам адам көмек алды. Сондай-ақ, «Көмек керуені» ауқымды әлеуметтік жобасы қолға алынып, «Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы бастау алды. Волонтерлерге консультациялық, әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету мақсатында «Bigemiz» республикалық фронт-офисі белсенді жұмысын жалғастыруда. Азаматтық қоғамды дамыту, заңнаманы жетілдіру және өзекті бастамаларды талқылау мақсатында халықаралық ҰЕҰ өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізіліп отырады. Бұл шаралар тәжірибе алмасуға және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ықпал етеді. Жоғарыда аталған бастамалар Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуына және оның әлеуетін нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстардың маңызды бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, бірнеше бизнес салалары елдегі экономикалық және экологиялық, әлеуметтік процесстерге демеушілік жасап, бірқалыпты жетілу жоспарларын іске асыруда. Қазақстандағы әлеуметтік компанияларға бағытталған жоспарлармен мемлекеттік азаматтық қоғам мен кәсіпкерлік арасында бірлескен бағдарламалар жұмыстануда. Осындай бірқатар бағдарламалар ауылдық жерлерде жұмыс аумақтарын кең ауқымда ашуға, әлеуметтік жағдайларды шешуге бағытталып, қоғамда халықтардың жағдайын нығайтуға ықпал етіп, мүмкіншілік туғызады. Жалпы азаматтық қоғам тарапы қоғамдағы бірқатар жағдайлар төңірегінде, бірқатар қоғамдық теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Ал, кәсіпкерлік саласы әлеуметтік және экономикалық дербестікті жетілдіріп, инновациялар құруды жоспар етеді[3].

Қазіргі Қазақстандағы азаматтық қоғам дамуы тек қоғамдық жағдайларды шешу ғана емес, сондай-ақ, халықтың еркін әлеуметтік өміріне де жағдай жасау бағыттарына ықпал етеді. Алдыңғы жылдары мемлекет қоғам жобаларының өзіндік шешімдер енгізіп, бағдарламаларына қатысуына аса көңіл аударуда. Сонымен қатар, бұл азаматтық қоғам мен ел ортасындағы қарым-қатынасты арттыруға, елдің белсенді сұраныстарын белгілі мемлекеттік әлеуметтік жүйесін негіздеуге бағыт-бағдар береді. Қазіргі таңда азаматтық қоғамның құқықтық мәдениетті нығайту, белсенділікті жоғарылату өзекті мәселе болып есептеледі. Бұл көптеген белсенді ұйымдар мен азаматтар, құқық қорғау органдарының құқықтық тәртіптерді

арттыру, халықтың құқығын қорғау жұмыстарына негізделеді. Одан кейін басты назардағы өзекті мәселелердің бірі азаматтық қоғамның экологиялық мәселелері. Жалпы экологиялық жүйелер табиғатты қорғаумен, климаттың ауыспалы жағдайлары секілді проблемаларға жиі назар аударуда. Қазіргі азаматтық қоғамның дамуы қоғам мүдделері мен саяси кәсіпкерлік ортасындағы ұтымды серіптестік арқылы ықпал жасауда. Азаматтық қоғамның айтарлықтай қазіргі таңда ықпалы артып, көптеген қоғам кез-келген мемлекеттің табысты дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Азаматтық қоғам – кез келген мемлекеттің табысты дамуының негізгі элементтерінің бірі болып саналады. Соңғы 30 жылда үкіметтік емес ұйымдардың жалпы саны 100-ден 22 мыңға дейін артып өсті. Елде қоғамға қызмет етудің кең және жаңа ауқымын қамтитын белсенді ҮЕҰ бастамалары пайда болып, қуатты жұмыс атқаруда. Азаматтық қоғам институттары жыл сайынғы мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси салаларындағы өзекті мәселелерді шешуге өз үлестерін қосып келеді. Қазіргі заманғы кез келген мемлекет қоғам ішіндегі әрбір өзекті проблемаларды шешуге ықпал ете алатын сенімді және әділ серіктестерге мұқтаж. Ондай серіктестердің болмауы кез келген прогрессивті дамудың қарқынын тежейтіні белгілі.

Қазіргі таңда азаматтық қоғам қарым-қатынастарының даму жұмысын қамтамасыз ету үшін бірқатар құқықтық негіздер ұйымдастырылып, жетілдіріліп келеді. Қазірде президенттің жарлығымен бекіткен 2020-2030 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы» бекітілді. Ол құжат негізінен 5 қағиданы қамтыды.

1. Азаматтық қоғам мен қоғамдағы бірнеше саяси салаларды жетілдіру үшін қолайлы орта қалыптастыру.

2. Азаматтардың белсенділігін арттырып, оны жан-жақты қолдау.

3. Мемлекеттік шешімдер қабылдап, басқару істеріне азаматтар және азаматтық қоғам өкілдерінің қатысу деңгейін жоғарылату.

4. Азаматтық қоғам институттарының мүмкіндіктері мен әлеуетін күшейту.

5. Қазақстанда БҰҰ-ның бірқалыпты даму мақсаттарын жүзеге асыруға азаматтық қоғамды белсенді түрде тарту[4].

Бұл құжат азаматтық бағытты ұзақ мерзімді перспективада дамыту туралы бағыттарын және азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы бір-бірімен өзара әрекеттестіктің негізгі маңыздылықтары мен міндеттерін анықтайды. Сондай-ақ, тұжырымдамада азаматтық қоғам қызметін толықтай арттырып, жаңғыртуға арналған жаңа әдіс-тәсілдер ұсынылған. Қазақстандағы азаматтық қоғам қарым-қатынастарын дамыту үшін мемлекеттегі демократиялық, құқықтық және әлеуметтік институттар шешуші рөл атқарады. Бұл конституциялық нормаларды жүзеге асырудың маңызды шарты ретінде қарастырылып, елдің тұрақты дамуына және азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл үдеріс қоғамдағы бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға, әлеуметтік әділеттілік принциптерін ілгерілетуге де ықпал етеді.

Мемлекеттің дамуына азаматтық қоғамның қосар үлесі өлшеусіз. Президент Қасым Жомарт Тоқаевтың өз жолдауында «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет» деп бұл институттың дамуына қолдау көрсетуі сондықтан[5].

Қорытындылай келе, азаматтық қоғам институттарының тұрақтылығын арттыру қажет. Бұл үшін келесі бағыттарға назар аудару маңызды: қаржылық және ұйымдастырушылық әлеуетті нығайту, кәсібилікті арттыру және халықтың қолдауын кеңейту. Азаматтық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз ету және үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің ашықтығын арттыру үшін статистикалық деректерді жүйелеу қажет. Сондай-ақ, азаматтық қоғамдағы процестерді зерттеуге арналған академиялық тәсілдер мен құралдарды дамыту үшін бейкоммерциялық басқару бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу және осы бағыттағы жүйелі пікірталас алаңдарын құру қажет. Сонымен қатар, волонтерлік қызметтің беделін арттыру, азаматтық қоғамдағы волонтерлердің рөлін күшейту және олардың азаматтық бастамаларға қатысуын жеңілдету маңызды қадам болып табылады. Және